



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 23 маусымдағы № 321 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 шілдеде № 23280 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі*

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.04.2023 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2023 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.04.2023 № 309 (01.10.2023 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс) бұйрығымен.

5. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.06.2023 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 335 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20865 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. "Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 374 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20907 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 12 және 13-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

8. "Уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 392 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20949 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 14 және 15-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

9. "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 394 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20980 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты өнімге жатқызу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға

сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

1, 2 және 3-қосымшалар осы тізбеге 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 28.04.2023 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 28.04.2023 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 12.04.2023 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы

Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2023 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің

Кепілдік міндеттемелерді (түпкілікті пайдаланушылар сертификаттарын) ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кепілдік міндеттемелерді (түпкілікті пайдаланушылар сертификаттарын) ресімдеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және кепілдік міндеттемелерін ресімдеу тәртібін айқындайды (түпкілікті пайдаланушылар сертификаттарын).

2. "Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Кепілдік міндеттеме (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) егер экспорттаушының талаптарына сәйкес тұтынушының Қазақстан Республикасына импортталған өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалану жөніндегі міндеттемелерін ұсыну қажет болған жағдайда беріледі.

4. Кепілдік міндеттеме (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) сыртқы сауда шартына (келісімшартына) енгізілген өнімнің саны мен номенклатурасына қарамастан бір мәмілеге ресімделеді.

5. Кепілдік міндеттемеге өзгерістер енгізуге жол берілмейді (түпкілікті пайдаланушының сертификаты).

2-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

6. Мемлекеттік қызметтерді алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) сәйкес құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамалары, ұсыну нысаны, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды қараудың және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін берудің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

7. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері портал арқылы келіп түскен құжаттарды оларды қабылдаған күні қабылдайды және тіркейді және орындаушыны тағайындайтын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген болса, өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

8. Жауапты орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және егер ұсынылған құжаттардың толық емес екендігі анықталған жағдайда, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды, ол көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанына порталдағы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде жіберіледі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті көрсетілетін қызметті берушіні тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексерген күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) осы Қағидалардың талаптарына мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің сәйкестігіне тексереді, 1 (бір) жұмыс күнінің қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетудің нәтижесін - кепілдік міндеттемесін (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды ресімдейді..

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында жазылған.

Портал арқылы жүгінген кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түрінде жіберіледі және сақталады.

10. Егер сыртқы сауда келісімінің (келісімшартының) шарттары өзгертілсе, кепілдемеде (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) көрініс тапса, онда бұл кепілдік жаңартылуы керек.

Құжаттарды қайта ресімдеу тәртібі кепілдік міндеттемесін беру тәртібіне (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) ұқсас жүргізіледі.

11. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, экспорттық бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) атына берілуі мүмкін.

13. Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы:

тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

14. Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі мыналар қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағымды қосымша зерттеуді немесе тексеруді немесе сол жерге барумен тексеруді жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымдарды қарауға өкілетті лауазымды адам жазбаша түрде (шағым қағаз түрінде берілген кезде) немесе электрондық түрде (электрондық түрде шағым беру кезінде).шағым берген өтініш берушіге шағымның қаралу мерзімін ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымның қаралу мерзімін ұзарту туралы хабарлайды

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Кепілдік міндеттемелерді
(түпкілікті пайдаланушылар
сертификаттарын) ресімдеу
қағидаларына
1-қосымша

"Кепілдік міндеттемесін беру (түпкілікті пайдаланушының сертификаты)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну әдістері	www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал).
3	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	7 (жеті) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызметтерді көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесі	Кепілдік міндеттемесі (түпкілікті пайдаланушының сертификаты), немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу әдістері	Тегін.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушілер - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін - дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін; 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты

		аяқталғаннан кейін өтініш берген кезде, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштер келесі жұмыс күні қабылданады).
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) осы "Кепілдік міндеттемесін (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) беру" (бұдан әрі - Стандарт) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған өтініш;</p> <p>2) осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының және түпкілікті пайдаланушының ЭЦҚ-мен куәландырылған импорттаушының (түпкілікті пайдаланушының) кепілдік міндеттемесінің электрондық көшірмесі;</p> <p>3) сатып алу-сатудың сыртқы сауда шартының электрондық көшірмесі (келісімшарты) немесе өнімдердің сипаттамасын көздейтін мәміле қатысушылары арасында өзге де иеліктен шығару құжаты;</p> <p>4) сату-сатып алу шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі немесе егер делдал көрсетілетін қызметті алушы ретінде әрекет етсе, алушы импорттаушы мен түпкілікті пайдаланушы арасында өзге де иеліктен шығару құжаты.</p>
		<p>1) өтініш беруші кепілдік міндеттемесін (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) онда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) өтініш берушінің және (немесе) кепілдік міндеттемесін (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p>

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	<p>3) өтініш берушіге қатысты кепілдік міндеттемесін (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;</p> <p>4) өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі болып табылады, оның негізінде өтініш беруші кепілдік міндеттемесін (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) алуға байланысты арнайы құқығынан айырылады.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайы мыналарда орналастырылған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсы - www.gov.kz/memleket/entities/miid, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы - www.gov.kz/memleket/entities/comprom, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде;</p> <p>3) www.egov.kz порталында.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірі: 1414, 8-800-080-7777.</p>

"Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

(толық көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

жеке тұлғаның, жеке сәйкестендіру нөмірі, дара кәсіпкер ретінде ретінде өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу куәлігінің № – дара кәсіпкер үшін; заңды тұлғаның толық атауы, өтініш берушінің

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, өтініш беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу куәлігінің немесе анықтаманың № – заңды тұлға үшін)

Мекенжайы _____

пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі, телефоны)

Кепілдік міндеттемені алуға өтініш (түпкілікті пайдаланушының сертификатын)

Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификаты) беруіңізді сұраймын.

Қоса беріледі _____ парақ.

Осымен:

көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады;

көрсетілетін қызмет алушыға қатысты, қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы сот шешімі (үкімі) заңды күшіне енген жоқ;

барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады.

Өтініш беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру мерзімі 20 __ жылғы " __ " _____

"Кепілдік міндеттемені
(түпкілікті пайдаланушының
сертификатын) беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша
нысаны

Импорттаушының (түпкілікті пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі

1. Импорттаушы (елі, мекенжайы және телефоны) БСН (ЖСН)		
2. Түпкілікті пайдаланушы (елі, мекенжайы және телефоны) БСН (ЖСН)		
3. Экспорттаушы (елі және мекенжайы)		
4. Өнімді орнату және (немесе) пайдалану орны	5. Өнімді орнату және (немесе) пайдалану орны	
6. Өнімнің атауы және сипаттамасы	7. Бірыңғай тауар номенклатурасының он таңбалы коды Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі	8. Бақылау парақтарына арналған код
9. Сыртқы сауда келісімінің (келісімшартының) немесе өзге де иеліктен шығару құжатының нөмірі, күні	10. Өлшем бірлігі	11. Саны
12. Импорттаушы (түпкілікті пайдаланушы) 6-тармақта көрсетілген өнімді Қазақстан Республикасына импорттауға міндеттенеді. Импорттаушы (түпкілікті пайдаланушы) 6-тармақта көрсетілген өнімді 5-тармақта көрсетілген мақсаттарда пайдалануға, оны Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа заңды немесе жеке тұлғаға бермеуге және оны Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз және экспорттаушы елдің экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті органының келісімінсыз қайта экспорттамауға міндеттенеді.		
13. Импорттаушы Аты-жөні (болған жағдайда) Лауазымы күні	14. Түпкілікті пайдаланушы Аты-жөні (болған жағдайда) Лауазымы күні	

Импорттаушының кепілдік міндеттемесіне қосымша (түпкілікті пайдаланушы)

P/c №	Өнімнің атауы және сипаттамасы	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының он таңбалы коды	Бақылау тізімінің коды	Саны	Өлшем бірлігі
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
Барлығы парақ № парақ		Импорттаушы Аты-жөні (болған жағдайда) Лауазымы күні		Түпкілікті пайдаланушы Аты-жөні (болған жағдайда) Лауазымы күні	

Кепілдік міндеттемелерді (түпкілікті пайдаланушылар сертификаттарын) ресімдеу қағидаларына 2-қосымша нысаны

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті		Комитет индустриального развития Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
Нұр-Сұлтан қ.		Нұр-Сұлтан қ.
Нөмір: [Құжат нөмірі]		Берілген күні: [Шығарылған күні] жылы
		[Ұйымның атауы, заңды мекенжайы, БСН / ЖСН]
Дәлелді бас тарту		
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті Сіздің жылдың [Күнінен] бастап № [Кіріс құжатының нөмірі] өтінішіңізді қарап, мынаны хабарлайды. [Бас тарту негіздемесі]		
[Қол қоюшының лауазымы]		[Қол қоюшының аты-жөні (болған жағдайда)]

Кепілдік міндеттемелерді (түпкілікті пайдаланушылар

сертификаттарын) ресімдеу
қағидаларына
3-қосымша
Нысаны

Кепілдік міндеттемесі (түпкілікті пайдаланушының сертификаты)

№ СЕРТИФИКАТ	
1. Импорттаушы (елі, мекенжайы және телефоны) БСН (ЖСН)	2. Түпкілікті пайдаланушы (елі, мекенжайы және телефоны) БСН (ЖСН)
3. Экспорттаушы (ел, мекен-жайы)	
4. Өнімнің атауы және сипаттамасы	5. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының он таңбалы коды
6. Өлшем бірлігі	7. Саны
8. Бақылау парақтарына арналған код	
9. Сыртқы сауда шартының (келісімшартының) немесе өзге де иеліктен шығару құжатының нөмірі, күні	
10. Осымен 4-тармақта көрсетілген өнімдер тек елдің қажеттіліктері үшін пайдаланылатындығы және экспорттаушы елдің уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз кері экспортталмайтын және тасымалданбайтындығы расталады. Бұл құжат экспорттаушы елдің уәкілетті мемлекеттік органына қол қойылған күннен бастап алты ай ішінде ұсынылуы тиіс.	
11. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті органы Аты-жөні. (болған жағдайда) Лауазымы күні	

Кепілдік міндеттемесіне қосымша (түпкілікті пайдаланушының сертификаты)

Р/с №	Өнімнің атауы және сипаттамасы	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының он таңбалы коды	Бақылау тізімінің коды	Саны	Өлшем бірлігі
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3.					
4.					
5					
Барлығы парақ			Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі		

Парактың №	уәкілетті органы Аты-жөні (болған жағдайда) күні
------------	---

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің және
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
8-қосымша
Экспорттық бақылауға жататын
өнімнің экспортын және
импортын лицензиялау
қағидарларына 1-қосымша

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	лицензияны беру кезінде - импорттаушы елдің түпкілікті пайдаланушысы сертификатының түпнұсқалығын тексеруді растауды алу қажет болған жағдайды қоспағанда, 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей. Мұндай жағдайда лицензия осындай растауды алғаннан кейін беріледі; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей; көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (толық автоматтандырылған)

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензия, қайта ресімделген лицензия немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>1) өнімдерді экспортқа және импортқа арналған лицензияны беру кезінде - 10 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - 1 АЕК;</p> <p>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады.</p> <p>Төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодексе) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Келіп түскен өтініштерді тіркеу дүйсенбіден жұманы қоса алғанда жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады, сағат 17.00-ден кейін келіп түскен өтініштерді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p>
		1) лицензия алу үшін:

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
 ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;
 "Өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 949 бұйрығына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы құжаттар (ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді қоспағанда).
 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:
 осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
 ЭҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;
 мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттар.

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;
 2) лицензиялық алым енгізілмеген;
 3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 4) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісуші мемлекеттік органнан көрсетілетін қызметті алушының лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес еместігі туралы жауап алды;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болса ;
- 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;
- 7) экспортты жүзеге асыру Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауының, атап айтқанда қару-жарақ эмбарго негізінде әрекет ететін Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған шараларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді бұзу болады;
- 8) экспортты жүзеге асыру халықаралық келісімдер бойынша, атап айтқанда әдеттегі қару-жарақты беруге немесе олардың заңсыз айналымына қатысты Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін бұзу болады;
- 9) өнім геноцид актілерін, адамзатқа қарсы қылмыстарды, 1949 жылғы Женева конвенцияларын елеулі бұзушылықтарды, қорғауды пайдаланатын азаматтық объектілерге немесе азаматтық адамдарға жасалған шабуылдарды немесе халықаралық келісімдерде айқындалғандай басқа да әскери қылмыстарды жасау үшін пайдаланылатын ақпарат болған жағдайда;
- 10) импорттаушы елдің кепілдік міндеттемесінің түпнұсқалығын тексеру нәтижесі (жіберілген сәттен бастап күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде оның болмауы).

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы ЭЦҚ-ның болу шартымен алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсы - www.gov.kz/memleket/entities/miid "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/compro, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде;</p> <p>3) www.egov.kz порталында орналастырылған.</p> <p>мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.</p>
----	--	--

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына және импортына лицензия беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
1-нысан

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына лицензия алу үшін өтініш.

1. Өтініш №	
2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН)	
3. Өзірлеуші (толық атауы, ел, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН (Қазақстан Республикасының резиденті үшін))	
4. Сатып алушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы)	
5. Соңғы тұтынушы (толық атауы, ел, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы)	
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органы	7. Лицензияның әрекет ету мерзімі
8. Лицензияны сұрау үшін негіз (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесінің қатысушылары арасындағы өзге иеліктен шығару құжаты)	
9. Өнімнің атау	
10. Тауардың ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша коды	11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды
12. ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосалқы)	13. Сомалық саны
14. Келісімшарт валютасы	15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құн

16. Осымен: өтініш берушінің ақпараттық жүйелерде көрініс табатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өз келісімін беретіні;
 өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) жоқ екені;
 барлық ұсынылған құжаттар анық және жарамды болып табылатындығы расталады.

17. Өтініш берушіден: аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі) _____
 Лауазымы _____
 Күні _____

18. Лицензияның ерекше шарттары

2-нысан

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына лицензия алу үшін өтініш.

1. Өтініш №	
2. Өтініш беруші (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы, БСН / ЖСН))	
3. Соңғы тұтынушы (толық атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы БСН/ЖСН)	
4. Сатушы (толық атауы, елі, мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы)	
5. Шыққан елі	
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органы	7. Лицензияның әрекет ету мерзімі
8. Лицензияны сұрау үшін негіз (шарт, келісімшарт, келісім немесе сыртқы сауда мәмілесінің қатысушылары арасындағы өзге иеліктен шығару құжаты)	
9. Өнімнің атауы	
10. Тауардың ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша коды	11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды
12. ЕАЭҚ СЭҚ ТН бойынша өлшем бірлігі (негізгі немесе қосалқы)	13. Сомалық саны
14. Келісімшарт валютасы	15. Келісімшарт валютасындағы жалпы құны
16. Осымен: өтініш берушінің ақпараттық жүйелерде көрініс табатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өз келісімін беретіні; өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңы күшіне енген шешімінің (үкімінің) жоқ екені; барлық ұсынылған құжаттар анық және жарамды болып табылатындығы расталады.	
17. Өтініш берушіден: аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі) _____ _____ Лауазымы _____ _____ Күні _____	
18. Лицензияның ерекше шарттары	

Қазақстан Республикасы
 Инвестициялар және даму
 министрінің және
 Қазақстан Республикасы
 Индустрия және
 инфрақұрылымдық даму

министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
9-қосымша

Экспорттық бақылауға жататын
өнімнің экспортын және
импортын лицензиялау
ережесіне 2-қосымша
нысаны

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті		Комитет индустриального развития Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
Нұр-Сұлтан қ.		Нұр-Сұлтан
Нөмір: [Құжат нөмірі]		Берілген күні: [Шығарылған күні] жылы
		[Ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, БСН / ЖСН]
Дәлелді бас тарту		
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті, Сіздің жылдың [Күнінен] бастап №[Кіріс құжатының нөмірі] өтінішіңізді қарап, мынаны хабарлайды. [Бас тарту негіздемесі]		
[Қол қоюшының лауазымы]		[Қол қоюшының аты-жөні (болған жағдайда)]
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 10-қосымша "Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету ережесіне 1-қосымша		
"Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көретілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық

		даму комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні ішінде; көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні ішінде
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	электрондық (толық автоматтандырылған) түрде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Лицензия және лицензияға қосымша не мемлекеттік қызмет көрсетуге дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдер	1) лицензия беру кезінде - 10 айлық есептік көрсеткіш; 2) лицензия беру кезінде лицензияны қайта ресімдеу үшін мөлшерлеменің 10%. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады. Төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
7		1) көрсетілетін қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес (бұдан әрі - Кодекс) демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

<p>Көрсетілетін қызмет берушінің жұмыс кестесі</p>	<p>2) Порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
	<p>1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін: осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық түрдегі өтініші; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын электрондық құжаттың көшірмесін; көрсетілетін қызметті алушының " Өнеркәсіп саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 45 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын электрондық құжаттар;</p> <p>2. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін: осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық түрдегі өтініш; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын электрондық құжаттың</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

көшірмесін (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді); мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмесі;

3. көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық түрдегі өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын электрондық құжаттың көшірмесін (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді); алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған электрондық құжаттардың көшірмесін;

көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын электрондық құжаттардың көшірмесі.

1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;
- 2) лицензиялық алым енгізілмеген ;
 - 3) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;
 - 4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;
 - 5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;
 - 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;
 - 7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.
2. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде:
- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;
 - 2) лицензиялық алым енгізілмеген ;
 - 3) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;
 - 4) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;
 - 5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш

		<p>беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;</p> <p>б) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;</p> <p>7) осы стандарттың 8-жолының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген жағдайда. 3 . Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мыналар:</p> <p>1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген жағдайда;</p> <p>2) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;</p> <p>3) егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғаларды-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту болып табылады.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі – www.miid.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – www.comprom.miid.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары::</p>

1) көрсетілетін қызметті беруші –
www.comprom.miid.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;
2) порталда www.egov.kz ескерту.

"Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

1 нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін) жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.
Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта _____
Телефондары _____
Факс _____
Банк шоты _____ (шот нөмірі, банк атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____ _____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (өндірістік базаның/ғимараттың немесе тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің)) _____ парақта қоса беріліп отыр.
Осымен:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы

Мөр орны (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

2 нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште _____

лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банк атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, і, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (өндірістік базаның/ғимараттың

немесе тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің))

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

